

жасауға бел буу және сонымен бірге батыл, батыл болу, қорқыныш пен қорқақтықты білмеу" [3].

Білім арасында саяси философия мен этикаға басымдық бере отырып, олардың арқасында шынайы бақытқа қол жеткізуге болатындықтан, соңғысын қиялдан, жалған бөліктен ажырата отырып, Әл-Фараби ізгілікті қаланы надан және адасқан қалаға, шын мәнінде ізгілікті адамға қарсы қояды. төмен құндылықтармен өмір сүріп, өтірік, жала және өркөкіректікпен өмір сүреді.

Саяси философия мен этикаға білімнің арасындағы басымдықты бере отырып, олардың арқасында шынайы бақытқа жетуге, соңғысын ойдан шығарылған, жалған бақыттан ажыратуға болатындықтан, әл-Фараби ізгілікті қаланы надан және қате қалаға қарсы қояды, нағыз ізгілікті адам төмен құндылықтармен өмір сүретіндерге және өтірікпен өседі.

Әл-Фараби адамзат қоғамының этикалық-адамгершілік мәселелеріне баса назар аударып, қоғамдық өмір мәселелерін алғашқылардың бірі болып көтеріп, шешуге тырысады. Мемлекет пен қоғамның міндеті адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек және мұнда көп нәрсе билеушіге байланысты. Билеуші, Әл-Фарабидің пікірінше, өз білімін сөзбен бейнелі түрде жеткізе білуі және адамдарды бақытқа қарай ең жақсы жолмен бағыттауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Каттыгарин Ж. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн дүниетанымының түркілік негіздері // «Түркі халықтарының рухани мұралары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. - 404 б.
2. [https:// akikat.kazgazeta.kz](https://akikat.kazgazeta.kz), bankreferatov.kz: Ж.Исахметұлы. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие және адамгершілік мәселелері.
3. [https:// baribar.kz](https://baribar.kz): Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялары.
4. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы. – Астана, 2005.
5. <https://martebe.kz/al-farabidin-khogamdykh-filosofijalykh-zhane-pedagogikalykhgylymi-kozkharasy/>
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1973. – 286-296-бб.
7. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=237>
8. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. - Алматы: Раритет, 2011. - 432 б.

Ұлы Дала тұлғамалары шығармашылығындағы рухани сабақтастық

Каирова Д.М.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі. Адамзат қоғамының тарихында, ұлттар қоғамының тарихында басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылған «Ұлы тұлғалар» жетерлік. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып,

тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – Ұлы тұлғалар.

Осы жыл қазақтың рухани өміріне үлкен әсер етті. Біздің тарихымыз да ғұлама ғалымдардың мерей тойымен еркешеленеді. Жаратушымыз осыдан 1150 жыл бұрын біз мекендеп отырған Ұлы Дала топырағында “Әлемнің екінші ұстазы” атанған, ортағасырлық ұлы ойшыл әл-Фараби бабамызды, бұдан 175 жыл бұрын, араға мың жыл салып ұлт ұстазы, хакім Абай атамызды сыйлады. Әбу Насыр әль-Фараби мен Абай Құнанбаев - мыңжылдықтың қос шырағы. Мың жылдықтың басы мен аяғында дүниеге келген Әбу Насыр әль-Фараби мен Абай Құнанбаевты бір-бірімен тамырлас ететін даналық пен рухани интеллектуалдық. Ақжан Машани өзінің сөздерінде «Егер де бізге осы ХХ ғасырда әл-Фарабиге ең жақын, рухани сабақтас адам бар ма десе, алдымен ол Абай дер едік. Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру - біздің халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек, бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек», – деп айтқан.

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түскен. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыканы зерттеген ол, өзінің көптеген ғылыми мұраларын қалдырды.

XII-XIII ғасырларда Әл-Фараби еңбектері Еуропада латын және иврит тілдеріне аударыла бастады. Оның еңбектері Еуропалық Қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер етіп, Батыс пен Шығыстың мәдениеттері мен философияларын жақындастыратын байланыстырушы көпір болды. Әл-Фараби шынымен де әлемдік деңгейдегі тұлға болған, ол өз жұмысында араб, парсы, грек, үнді және түркі мәдениетінің ең құнды жетістіктерін ұштастырды. Әсіресе оның әйгілі «Китаб аль-музыка аль-Кабир» (Музыканың үлкен кітабы) еңбегінде ерекше байқалады. Әл-Фараби әртүрлі мәдени дәстүрлерді біріктірген жай ғана гуманист ғалым емес, ол өз заманының білімдерін жүйелеуге ұмтылған ғылымның реформаторының данышпаны болды, бұл оның «Ғылымдардың жіктелуі туралы» трактатында көрініс тапқан.

Сол замандағы грек философиясына қарсы айтылған сыни пікірлердің бірі – Платон мен Аристотельдің бір-бірімен қарама-қайшылығы еді. Әл-Фараби «Аль-джамам бейт рай аль-хакимейн Ефлятун аль-лияхи уа Аристо» еңбегін жазады («Екі философ – Қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарын ортақтастыру»). Аристотель философиясы бойынша терең білімі мен керемет философиялық қабілеті, тіл білімі, математика, астрономия және сол заман ғылымының өзге де салаларындағы жан-жақты білімінің арқасында әл-Фараби мұсылмандық Шығыста «аль-муа`ллим ас-сани» «екінші ұстаз» деген атаққа ие болады [1, 174 б.].

Абай Құнанбайұлы (1845 - 1904) бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыс тауы баурайында дүниеге туылған. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшыл, философ, ақын. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. «Абай «Қара сөздеріндегі» және қазақтың рухани мәдениетіндегі сабақтастық мәселелері» тақырыбындағы автор Д.Д. Кульбасованың ғылыми-зерттеу жұмысында Абайдың «қара сөздерінің» мәдениетте, әдебиетте, философия мен қазақ тұрмысында алатын орны туралы баяндалды [2].

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері - «Йузи-рәушән», екіншісі - «Физули, Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы - «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен

де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлік -шалымын одан әрі шыңдайды. Шығыстың екі хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен өлеңге айналдырады. Ислам дініне өзінше сенген діни таным жайындағы философиялық көзқарастарын да өлеңмен жеткізеді.

Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиеттің - сезім мен қисынның, түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да: «Ақыл сенбей сенбеніз, Бір іске кез келсеңіз», - деп жазады.

Ендігі кезекте, ғұлама ғалымдарымыздың еңбектеріндегі шығармашылық сабақтастығына тоқталар болсақ, Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Ғылымның шығуы туралы» трактатында «Ғаламның көркі – оның иесін танудың жолы» екенін тайға таңба басқандай етіп, нақтылап жазып кеткен. Ал, хакім Абай «Қара сөздерінде» осы бағытта ой толғай келе, «Жер жүзін безендірген тәңірім шебер», - деп, одан сайын толықтырады.

Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың тіршілік туралы, табиғат туралы ойлары да сәйкес келіп жатады. Сүйіспеншілік, ашықтық жайлы толғаныстары да үндесе кетіп, бір-біріне қиюласып отырады. Әсіресе, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынас жайы да екі ойшылдың ойларын түйістіріп жатқанын көруге болады.

Деректерге сүйенер болсақ, ғұлама бабамыздың артында 200-ге таяу трактаттары қалған екен, ал өзі 70-жуық тілді меңгеріп, емін-еркін оқып, жаза білген дейді. Әбу Насыр жазады: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым...». Сондай-ақ, «Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет...», - деп атап көрсетеді.

Баба пікірін хакім Абай да жалғайды: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас...». Сондай-ақ, «...Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...» (отыз екінші сөз) деп жазады.

Хакім Абайдың «отыз жетінші сөзі» негізінен әрі ойлы, әрі қысқа, барынша тұжырымды нақылдарға құрылып жазылған. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес...» деген ой-түйін бар. Міне, осындай түйіндеме Әбу Насырдың кейбір трактаттарында да кездесіп қалады. Айталық, ол: «Тиісінше еңбек ету денеге күш береді, ал шектен тыс артық, немесе жеткіліксіз еңбек күшті қайтарады немесе әлсізді әлсіз халінде қалдырады...» Содан соң жазады: «Талпыныс – табандылық!...»

Әл-Фарабидің «Әр адамның ғаламда орны бар», - деген тұжырымдаманы Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», - деп нақтылай түседі. Әл Фараби «Ғақлия көзбен қарасаң, дүние – ғажап, сен – есік. Жаһлы көзбен қарасаң, дүние-қоқыс, сен-меншік» десе, А.Құнанбаев: «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан», - деп жазады.

Данышпан Абай Құнанбаев айтқандай, «Адам бол» атты гуманистік идеясы, сонау ғұлама, фәлсафашы Қожа Ахмет Ясауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік философиясына тән [3, 98 б.]. Ясауидің басты еңбегі «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы) рухани және гуманистік бағытта жазылған. Біздер тарихи сабақтастық тұрғыдан қарасақ, Абай шығармашылығына Қожа Ахмет Ясауидің сопылық және этикалық идеялары әсер еткен. Ал, өз кезегінде Қожа Ахмет Ясауиға Әл-Фарабидің шығармашылығы негіз болған. Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов кезінде көптеген Шығыс халқының кемеңгер ойшылдарының (Физули, Шамси, Сейхали, Науаи, Саади, Фирдоуси, Қожа, Хафиз) шығармашылықтарымен жақсы таныс болған. Олар үш ұлы тұлғаға ғұлама, ойшыл болуға көмектесті. Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасының әсері Абай Құнанбаев еңбектерінен анық сезіледі. Ендеше Қожа Ахмет Ясауидің Абай әлеміне қосқан өзіндік үлесі бар. Оны ақынның 38-ші қара сөзінен байқаймыз. Балаларды оқытып-үйретуде зорлық-зомбылықты негізгі қару

ететін дүмше молдаларды сынап отырып, ол былай деген: «олардың адамшылығының кәметі таппағаны – қиынның қиыны. Себебі, Алла тағала өзі – ақиқат жолы. Ақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны». «Әркім өзінің сенімінде құтқарушыны көруі тиіс», «Біздің ата-бабаларымыз айтып өткен – Алла тағала біреу және ол барлық жерде деген сөз дұрыс деуге болады». «Дінге деген сенім адамды Аллаға жақындата түседі, сондықтан ол адалдыққа, әділдікке, мейірімділікке ұмтылады», «Сопы Алаяр айтқандай, бәрінен де ең жоғары тұратын бір ерекше Ақиқат болады». Осындай тарихи үндестік, сарындас идеялар Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылығында жиі кездеседі.

Ахмет Ясауидің есімін мұсылман әлеміне мәшһүр еткен шығармасы «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы») болып табылады. Оны «Даналық кітабы» деп те атайды. Ақын өз кітабын Орта Азия мен Қыпшақ даласының түркілеріне кезінде түсінікті болған шағатай тілінде жазған. «Диуани хикмет» түркі тілдес халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби жәдігерліктерінің бірі саналады. Бұл өлеңдер жинағы қазақ әдебиетінің де орта ғасырлық нұсқасы болып табылады. Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы Қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмет берілген. Соның 109 хикметі Ясауидің өзінікі екені даусыз [4, 47 б.]. Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары болса керек. Ахмет Ясауидың «Даналық кітабында» негізінен төрт ғақлия мадақталады: 1. «Шариғат»; 2. «Тарикат»; 3. «Мағрипат»; 4. «Хақиқат».

Баласағұнның ойлары Әл-Фарабидің «Бақытты қала тұрғындары» атты трактатымен үндес жатыр. Бұл аз десеңіз, ісімен де, сөзімен де күллі түркі жұртын ізгілікке тәрбиелеген, ұлттың ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың да ұлтты жаңа деңгейге көтеру жолындағы атқарған қызметі орасан зор болды. Ислам дінінің ұлылығы мен тазалығын, оның кереметтерін көрсету жолында оған тең келетін адам болмады.

Абай да өз өлеңінде Аллаға жасаған құлшылығының қабыл болуы үшін алдымен іштегі жаман ойдан арылуға кеңес береді, ондай болмаған жағдайда Хақтың назары түспейтіндігін айтады:

Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.
Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңілі – бек соқыр?
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Абай мен Ясауи хикметтері бір-бірімен үндес, екі ұлы ақынның ғибраты бір-бірін толықтырып тұрғандай. Екеуі де риясыз құлшылық пен шынайы адалдықпен, таза еңбекпен тапқан малдың адамға пайдалы болмағын айтады.

Ясауи 49- хикметінде:
Көкірек көзі ашылса,
барлық перде,
Ашылар, кетер,
қалмас сырда перде.
Жанның көзі таңғалар осы жерде,
Бақылап иман нұрымен көрер
достар, – дейді.

Қазақ әдебиетінің дамуына сопылық әдебиеттің әсері айрықша болды. Әсіресе, Шығыстың ұлы шайырлары Хафиз, Сағди, Руми, Низами, Науаи секілді сопылық әдебиет өкілдері қазақ даласына да әсер еткен. Жазба әдебиеттің қалыптасуының басында Қожа Ахмет Ясауи тұрған болса, XIX ғасырда Шығыс пен Батыс әдебиетін қатар меңгерген ұлы Абай қазақ жазба әдебиетінің жаңа үлгісін қалыптастырды. Абай Шығыстың әдеби дәстүрімен қатар Батыстың қалыптасқан әдеби дәстүрін де терең меңгере отырып, ондағы әдеби үлгілерді еркін қолданды. «Абайдың поэзиядағы ұлы жаңалығы – шын мағынасында Батыс пен Шығыстың шайырлары мен ғұламалары жасаған қазынаға қол артып, соның нәрі мен

мәнін қорытып, жаңа көркемдік синтез жасауында. Бұл реттен алғанда, Абайға арғы-бергі әлем әдебиетінен теңдес табу қиын» [5].

Абай салған дәстүрдің қарапайым халыққа түсінікті болғаны сонша, оның шәкірттері орыс әдебиетіндегі поэмалар мен романдарды алып қазақша жырлауға көшті. Шәкәрім, Әсет, Әріп, Көкбай ақындар Абай дәстүрін жалғастырушы болды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті бұрын-соңды болмаған биік деңгейге көтерілді. Абайды ұстаз тұтқан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ақмолда, Мағжан секілді ұлы ойшылдар мен Әлихан, Жүсіпбек, Ахмет секілді Алашорда қайраткерлері бұл дәстүрді тереңдете түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.А. Алтаев, Ж.А. Амиркулова «Әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философияның ортақтастығы». // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №3 (44). 2013.
2. Султанова Н.К. Преимущество и внедрение социально-гуманитарных идей А. Кунанбаева, Ш. Кудайбердиева, М. Ауэзова в учебно-воспитательном процессе. // Наука, образование, общество. 2015, N 2(4).
3. Кенжетәев Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 2002.
4. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986.
5. Бақыт Әбжет. «Ясауи мен Абай мектебі: дәстүр жалғастығы». // Сыр бойы. 26.09.2020ж.

Ермұхан Бекмахановтың өмірі мен ғылыми-ағартушылық қызметі

Куттымуратова Ф.К.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ол Абай айтқан ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұстап халқымызды шын сүйе білді, оның отына күйе білді. Сүю аз, оны әркім-ақ бастан кешіреді.

Ең қиыны – халық қайғысының отына күйе білу.

Екінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім,

Москваның атақты, үлкен тарихшы ғалымдары оны шын пейілімен құрметтеп сыйлайтын, онымен ашық пікірлесіп сырласатын, санасатын.

Бұл – үлкен жеңіс. Мен оның сыртынан да жылы лебіз білдірген туысқан республикалар тарихшыларын талай кездестірдім.

Ермұханды үшінші жақсы көрген және жақсы көретін себебім, басына ашылмас қайғының қара бұлты қат-қабат төнгенде де

халқымыздың болашағынан үміт үзген жоқ.

Бауыржан Момышұлы

Қазақ тарих ғылымы осы кезге дейін ел шежіресін жазуға үлес қосқан ғұламаларын әлі түгендей алмай келеді. Ерте замандарды былай қойғанда, тіпті кейінгі кеңес дәуіріндегі қазақ тарихын кімдер жазып, қандай еңбектер қалдырды деген сауалға Қазақстан тарихнамасы толық жауап бере алмай отыр. Басқа озық елдердегідей біздің ғылыми тарихнамамыз да (тарих ғылымының тарихы) әлі жасалған жоқ тарихнама пәні университеттердің оқу жоспарында бұрынғы КСРО, дұрысында орыс, тарихшыларының тұжырымдамаларын таныстырумен шектеледі. Сонымен бірге кезінде қудаланып, жабық қоймаларға қамалып, жұрт пайдалана алмаған, тіпті көзі жоғалуға айналған құнды еңбектер де, аты атаусыз кеткен, жазықсыз жалаға ұшыраған көрнекті зерттеушілеріміз де бар. Осындай еңбектер мен олардың авторларын елге таныстыру да қазіргі дәуірдің таяудағы игілікті ісі болса керек. Оқушы қауымға ұсынылып отырған, сталинизмнің құрбаны болған,